

Байбеков С.Н.¹, Шормақова С.М.², Мұсалы Л.³,

¹Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институтының профессоры, т. ғ. д.,

²Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, ф. ғ. к.,

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры м.а., ф. ғ. к.,

Алматы қ., Қазақстан,

e-mail: baibekovsn@mail.ru; shormakova71@mail.ru; mj_laila@mail.ru

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КӨНЕ ЕСЕПТЕРІ:
ПАТРИОТИЗМ ТАҚЫРЫБЫ ЖӘНЕ
ҚҰРАСТЫРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мақалада қазақ халқының байырғы көне есептері: патриотизм тақырыбы және құрастырылу ерекшеліктері мәселесі сөз болады. Мақалада халықтың байырғы көне есептері фольклордың өзіндік бір тармағы ретінде қарастырылады. Бұл тақырып осы күнге дейін бізде ғана емес, барлық елдерде де зерттелмеген бағыт екенін атай келіп, халықтың көне есептерін зертеу және оның құрастырылуын жүйеге келтіріп, оның ауыз әдебиетіндегі орнын ғылыми түрде анықтау өзекті әрі жаңа ғылыми бағыт деп санайды.

Есептің қажеттілігі мен пайдалылығын білген Ұлы Дала халқы есепті құрастыру мен оны шешуді күнделікті өмірдің мәніне айналдырған. Авторлар Ұлы Даланың көне есептерінің құрастырылуын тиянақты зерттеп, талдау арқылы халқымыздың қасиетті рухани құндылығын одан сайын тереңдетіп қана қоймай, бүкіл әлемдік фольклортану ғылымына халық есептерін жаңа бағыт ретінде енгізу мүмкіндігі бар екендігін атап өтеді.

Мақала студенттер мен магистранттарға, математиктерге, филологтарға арналған.

Түйін сөздер: көне есеп, фольклортану, патриотизм, есеп құрастыру.

Baybekov S.N.¹, Shormakova S.M.², Musaly L.³,

¹DSc, Professor of Institute of Information and Computational Technologies,

²Candidate of Philological Sciences, A/Professor of Taraz State Pedagogical University,

³Candidate of Philological Sciences, A/Professor of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: baibekovsn@mail.ru, shormakova71@mail.ru, mj_laila@mail.ru

**Ancient arithmetic tasks of the Kazakh people: the theme
of patriotism and especially the construction**

The article deals with the ancient mathematical task of the Kazakh people: the theme of patriotism and the features of composition. In the article, arithmetic puzzles are considered a kind of folklore genre. Noting that this topic has not yet been studied not only in us but also in all countries, this is a new and recognized scientific direction, which consists in researching and analyzing the ancient tasks of people and determining its place in oral literature.

Carefully studying and analyzing the ancient mathematical problems of the Great Steppe, knowing about the necessity and usefulness of arithmetic tasks, one can not only deepen the sacred spiritual value of our people, but also present arithmetic tasks in world folklore science as a new direction.

The article is intended for undergraduates, mathematicians, philologists, and scientific applicants.

Key words: ancient mathematical task, arithmetic puzzles, scientific direction, researching.

Байбеков С.Н.¹, Шормақова С.М..², Мұсалы А.³,

¹Д. т. н. профессор Института информационных и вычислительных технологий,

²к. ф. н. доцент Таразского государственного педагогического университета,

³к. ф. н. и.о. профессора Казахского национального университета им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: baibekovsn@mail.ru, shormakova71@mail.ru, mj_laila@mail.ru

Древние арифметические задачи казахского народа: тема патриотизма и особенности построения

В статье рассматриваются вопросы древних математических задач казахского народа, а именно тема патриотизма и особенности композиции, с точки зрения как фольклорного жанра. Так как эта тема еще не изучена не только у нас, но и во всех странах, то это новое и признанное научное направление, которое нуждается в исследовании и анализе и определении его места в устной литературе.

Тщательно изучая и анализируя древние математические задачи Великой Степи, зная о необходимости и полезности арифметических задач, можно не только углубить священную духовную ценность нашего народа, но и представить народные арифметические задачи в мировой фольклорной науке как новое направление.

Статья рассчитана на магистрантов, математиков, филологов, научных соискателей.

Ключевые слова: древние арифметические задачи, экзистенциализм, хронотоп.

Кіріспе

Ұлы Даланың байырғы көне есептері – қазақ халқының ауызша тудырған шығармаларының бірі. Бізге ауызша жеткен көне есептер бірден есеп болып туындамаған. Оның шығуына халықтың тұрмыс тіршілігі, белгілі бір есте қалар ұлағатты да тарихи оқиғалар, халықтың қоғамдық өмірі мен дүниетанымдық көзқарастары, халық айналасып отырған кәсіп пен шаруашылық әсер еткен. Есептің алғаш есеп болуынан бұрын, осы есеп негізі болған оқиға алдымен аңыз болып қалыптасуы мүмкін, сол аңыздың негізінде есеп дүниеге келеді. Сондықтан да, есеп – ауыз әдебиетінің белді жанрларының бірі.

Осы уақытқа дейін байырғы қазақи көне есептер әдебиеттану оның ішінде фольклористика ғылымының да, басқа ғылымдардың да зерттеу нысанынан тысқары қалып келді. Осындай жағдай тек бізге ғана емес, әлемнің барлық еліне тән. Бұған негізгі себеп: фольклористика бейнелер жүйесі мен эстетика мәселесін қаузап кетсе, математика мен педагогика оның іргелі және қолданбалы ғылыммен байланысын байыптап жатпады.

Дегенмен кейбір оппоненттер «есептердің ауыз әдебиетіне, оның ішінде фольклорға қандай қатысы бар?» деуі мүмкін. Әрине, бұл – мәселеге жеңіл қарау. Себебі фольклор тек аңыз-эпсана, жыр-қисса, ертегі, тұрмыс-салт өлеңі мен әндері, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар т.б. ғана емес. Фольклордың ауқымы өте кең. Мәселен, жұмбақ – дедукция және индукция әдістерімен

шешілетін математикалық логика есептері екені баршамызға мәлім. Демек, халықтың байырғы көне есептері де – фольклордың өзіндік бір тармағы. Өкінішке қарай, бұл тақырып осы күнге дейін бізде ғана емес, барлық елдерде де зерттелмеген, тіпті зерттелуі басталмаған проблема. Демек, халықтың көне есептерін зертеу және оның құрастырылуын жүйеге келтіріп, оның ауыз әдебиетіндегі орнын ғылыми түрде анықтау – жаңа ғылыми бағыт деп санаймыз.

Осы Ұлы Даланың көне есептерінің құрастырылуын тиянақты зерттеп, талдау арқылы халқымыздың қасиетті рухани құндылығын одан сайын тереңдетіп қана қоймай, бүкіл әлемдік фольклортану ғылымына халық есептерін жаңа бағыт ретінде енгізу мүмкіндігі бар.

Талдау

«Есептеу ғылымы қалыптаспаған ортада есеп үлгілерінің болуы мүмкін емес» деген қағидаға сүйенер болсақ, қазақ қоғамында, сонау ықылым заманда-ақ, логикасы шебер, ауызша есеп құрастыру қабілеті мықты дамыған орта қалыптасқандығын, оның дәстүрлі дамып отырғандығын Ұлы Даланың көне есептерінен байқап отырмыз. Ұлы Даланың сан мыңдаған көне есептері егер дәстүрлі орта қалыптаспаған жағдайда дәл мұндай тамаша құрастырылмас еді, мұндай өміршең болмас еді. Ауызша шығарылып, халық санасының ділді (ментальды) сүзгісінен өткен бұл есептер есте сақтау қабілеті кемелдене дамыған халқымыздың дәстүрлі ортасы болғандығына дәлел. Осындай руханы дәстүрді қалыптастырған қазақи ортаның көне

есептері қазіргі ұрпақтың рухани мұрасына айналып отыр.

Есептің қажеттілігі мен пайдалылығын білген Ұлы Дала халқы есепті құрастыру мен оны шешуді күнделікті өмірдің мәніне айналдырған. Мұндағы мақсат:

1) есептеуге үйрену, алғырлық, тез ойлау, тез шешім қабылдау, дұрыс пен бұрысты ажырату.

2) Қоғамға қатысты алуан түрлі тақырыпта құрастырылған есептердің құрылысы мен мазмұнының мәнін ашып, қазақи қоғамдағы табиғи өзгерістерге бейімделу.

Халықтың тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына байланысты құрастырылған байырғы көне есептерді қазақ ауыз әдебиетінің негізгі жанрларының бірі ретінде қарастырғанымыз жөн. Халықтың күнделікті күнкөрісіне, тұрмыс – салтына байланысты оқиғаларды қамтитын Ұлы Даланың байырғы есептері көне замандық тәсілдер бойынша әр түрлі тақырыпта ауызша құрастырылған. Бұл есептерден қазақи тұрмыс- тіршілікті, мінез-құлықты, салт-дәстүрді, батырлықты, ақындықты, татулықты, шешендікті, шеберлікті, кемелдікті, аңшылықты, Ұлы Дала қоғамындағы заңды, тарихты, тарихи тұлғаларды көресің. Осы табиғатына қарап, Ұлы Даланың байырғы көне есептерін ауызша құрастырғанда бірнеше тақырып төңірегінде есеп пайда болғанын көреміз. Соның бірі- Отан қорғау және патриотизм жайлы құрастырылған есептер.

Ауыз әдебиетіндегі басқа жанрлардан байырғы көне есептердің айырмашылығы – оның айтылуы мен шешілуінде. Есеп жалаң санның аясында құралмай қазақи қоғамдағы Отан қорғау-патриотизм тақырыбын қамтып, шешімі өмірді, дүниені тану қасиетіне ие болып тұрады. Егер есеп жалаң сандар аясында құрылса, онда ол халық жадында сақталмас еді. Ол баршамызға түсінікті. Ал егер есеп белгілі бір оқиға немесе тарихи жағдай немесе тарихи тұлғалармен ұштасып жатса онда ол өміршең болмақ. Сол кезде байырғы көне есеп пен аңыз бір-бірінен бөліп тастауға келмейтін, тұтасқан ой түріне айтылады да, ол терең мағынаға ие болып тұрады. Ой қысқа тұжырымды айтылғанымен, қамтитын мәселесі үлкен, мағынасы кең, ойы терең келеді. Байырғы көне есептер адамды игілікті іске, ақыл-парасатқа, зеректікке ұмтылдырады. Мұнан байырғы көне есептердің тарихи шындыққа, қоғамның дамуына сәйкес өркендеп өрісін жаятынына көз жеткізуге болады. Ұлы Даланың байырғы көне есептері тек ой ұшқырлығымен ғана емес, дәлдігімен тарихи оқиғаларға икемділігімен ерекшеленеді. Әсіресе, осы тари-

хи оқиғалардың негізінде құрастырылған есептер өміршең, дәстүр жалғастығына бейім.

Атап өтетін болсақ, Қабанбай Батыр өміріне қатысты аңызға құрылған есептер Отан қорғау-патриотизмтақырыбын көтеруі заңды құбылыс. Жоғарыда атап көрсеткендей, Қабанбай туралы да алдымен өмірге бірнеше аңыздар келген. Мысалы: Қабанбайдың азан шақырылып қойған аты – Ерасыл. Жас күнінде жабайы қабандарды жайратып ел көзіне түскендіктен «Қабанбай» аталса керек. Кейін осы атқа лайық болғандықтан, яғни ерлігімен көзге түскендіктен «батыр» деген анықтауыш қосылып Қабанбай батыр атанған көрінеді. Тарихқа сүйенсек, Қабанбай батырдың алғашқы шайқасы 1718 ж., содан кейін, 1723ж. Түркістан қорғанысына, 1726ж. Бұланты шайқасына, 1730 ж. Аңырақай-Алакөл шайқасына қатысып, Абылай ханның бас батырының біріне айналған. Батыр бас аяғы 103 жекпе-жекке шығып, өлім дегеннен сескенбей, тіпті қорқу дегенді білмейтін «ақкөз» батыр. Ол өмірін 103 рет бәйгеге тігіп, бәрінде де жеңімпаз болып, аты аңызға айналған тарихи тұлға (Тоғысбаев Б., Сужикова А., 2008: 102). Тарихи деректерде Қабанбай батырдың сырқаттанып қалғанынан хабардар болған Әтеке баласы Қарабек қырғыздың қалың қолын (500 сарбаз) басқарып, қазақ еліне жол тартады. Қырғыздың батыры сол сапарында Қабанбайды іздеп шыққанын және Қабанбайдың көзі тірісінде (сырқатын пайдаланып) елін шауып, әкесі Әтекенің өшін алып, кегін қайтаратындығын ма-саттана айтқан екен.

Қабанбай батыр сырқаттанып жатқанына қарамастан, халықтың қамы үшін орнынан тұрып, Әтеке баласы Қарабекке аулын шаптырмай, онымен жекпе-жекке шығып, қырғыздың батыры қаза болады. Осындай тарихи шындықтың негізінде құрылып «Қабанбай батыр есебі» аталып кеткен аңыз есепке назар аударайық. Есептің өзі де әңгіме ретінде баяндалады. Сонымен есеп шарты:

«Қабанбай батыр қартайған шағына дейін жекпе-жекке шығып және бір-де бір рет жеңіліп көрмеген, теңдесі жоқ ерекше жеңімпаз батыр екені елге әйгілі. Қабанбай 65 жастан асарда жекпе-жекке шығып, жінімпаз болғанымен қатты әрі ауыр жаралы болады.

Емші-бақсылар оны 12 қанат биіктігі 5 метр киіз үйге жатқызып емдейді. Бірақ жарақат ауыр, күннен күнге батырдың жағдайы төмендей береді.

Бір күні шаңырақтан төмен түсіп келе жатқан өрмекшіні көріп қалған Қабанбай батыр

бұны жақсылыққа жорып, жазалып кететін болдым деп үміттенеді. Бірақ біраз уақыттан кейін өрмекші қайтадан жоғары көтеріле бастайды. Оны көріп қалған Қабанбай енді не болар екен деп көңілі құлази бастайды... Біршама уақыттан кейін өрмекші қайтадан төмен түсе бастайды. Оны көрген Қабанбай тағы да қайтадан үміттенеді бастайды. Бірақ біраз уақыттан кейін өрмекші қайтадан көтеріле бастайды... Аңғарып қараса сол өрмекші 15 минут сайын 2 метр төмендеп, келесі 15 минутта 1 метр жоғарылап, одан кейін қайтадан 15 минут бойы 2 метрге төмендеп, одан қайтадан 15 минут бойы 1 метрге жоғарылайды екен...

Әйтеуір біраз уақыттан кейін өрмекші Қабанбай жатқан төсектің бір шетіне түскенде, Қабанбай: «Бұл Тәңірден келген нышан. Мен жазыламын, жазылды деген осы... Енді маған қайтып жатуға болмайды» – деп ерекше бір қуанышты сеніммен төсектен тұрып кетіпті. Сол тұрғанан төсекке қайтып жатпай қояды да, артынша көп ұзамай жызылып кеткен екен.

Бұған қуанған ел-жұрты, құрбандыққа бір ақбозат шалады да, бұдан кейін батырға енді ешқандай жекпе-жекке шығуға тыйым салған екен. Сонымен Қабанбайдың соңғы жекпе-жегі осылай аяқталған екен деп аяқталады аңыз...

Сонда өрмекші шаңырақтан қанша уақытта жерге түскен?» Жауабы: 1 сағат 45 минут

Нәтиже және талқылау

Біз сөз етіп отырған есептердің өзіндік ерекшелігі – зерек ойлау мен көркем сөздің озық үлгісі іспеттес. Ол халықтың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты. Халық басынан өткен оқиғаларды көркем сөзбен аңыз етіп айтады. Аңыздың негізінде ұрпақтың патриот болып қалыптасуына әсер ететін есептер пайда болады. Сонда қазақтың байырғы есептерінің тарихилығы жағынан авторлық сипаты бар кез-келген туындыдан анағұрлым шыншыл, әсерлі де көркем. Сол есептің негізінде құрастырылған аңыздарға қарап ұрпақтың патриоттық сезімін қалыптастыруға болады. Қазақ халқының сенімінде аспаннан өрмекші түссе үйге береке келеді, көптен күткен сыйлы қонақ келеді, шынайы үміттенген тілегі келеді деген сенім бар. Яғни, халық ұғымы бойынша өрмекшінің шаңырақтан түсуі – жоғарыдан келген белгі. Көк Тәңір белгіні өрмекші арқылы береді деген тарихы мен тамыры өте тереңде жатқан ұғым. Бұл ұғымның одан сайын халық жадында тұрақты орын алуына ислам заманын-

да пайда болған келесі аңыз әсер етсе керек. Мұхаммед пайғамбар сахабасы Әбубәкірмен дұшпандарынан қашып келе жатып, құтыла алмасына көзі жетіп, әбден шаршаған соң, таудағы бір үңгірге жансауғалайды. Құдайдың құдіретімен сол үңгірдің аузына, бұлар кіріп кеткен соң, өрмекші өрмек тоқып тастайды. Артынша келген қуғыншылар тау-тасты ары-бері қарап таппай қалады. Үңгірдің аузындағы торды көріп, мұнда ешкімнің кірмегеніне сенімді болып қайтып кетеді. (Хазреті Мұхаммед алейһиссаламның өмірі, 2012: 548)

Демек, Ұлы Далада, атап айтсақ қазақ халқында өрмекші туралы жақсы пікір мен ұғымның тұрақты қалыптасып, одан сайын шынайы наным-сенімге айналуына осы қасиетті де мағаналы оқиға да зор әсер еткені күдік тудырмайды. Осындай әдемі аңыздың негізінде өрмекшінің шаңырақтан түсуі, сол отауға жақсылық әкеледі деген ұғым қазақ халқының санасында қалыптасқан. Міне Қабанбай батыр да жанталасып жатқан кезінде шаңырақтан түсіп келе жатқан өрмекшіні «Бұл Көк Тәңірден келген нышан» деп қабылдап, орнынан тұрып кетуі халық арасында осындай әдемі қалыптасқан нанудың, сенудің санадағы тұрақтылығы, зандылыққа айналуы.

Қабанбай батыр туралы бұл аңызды естіп отырып «ойпырмай тезірек жазылып орнынан тұрса», – деп тілеулес болып отырғанда, мына өрмекші жерге қашан түседі деген ой адам санасына кіріп кететіні белгілі. Себебі аңыздағы өрмекші жерге түскенде Қабанбай жазылып кететініне осы аңызды тыңдап отырған тыңдарманның да сенімі мол. Сол себепті ол өрмекшінің жерге түскенін шын пейілімен күтеді. (Өрмекші қазір түсіп келе жатқандай) Сонда өрмекші қанша уақытта жерге түседі? Міне аңыз табан астында есеп құрастырылды. Үйдің биіктігі 5 метр, әр 15 мин. сайын өрмекші жоғары – төмен жүреді. Қанша уақытта жерге түседі...

Байқап отырсақ, бұл есептің құрастырылуына сол замандағы адамдардың патриоттық сезімі әсер етіп отыр. Елін-жерін қорғаған батырдың өмір сүруіне тілеулес болған халқы өрмекшінің жерге түсетін уақытын есептеп, бар ынта-шынта-сымен соны күтеді. Есеп осылай құрастырылған. Батыр – әскери өнерді жақсы меңгерген жау түсірер ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ. Батыр атағы мирасқорлық жолымен берілмейді, оған әрбір адам жеке басының ерлігімен ие болады. (Айбын, 2011: 880)

Ұлы Даланың көшпелі халықтарының бүкіл өмірі жерді қорғау мақсатында соғыста өткен, соғыс ісі атадан балаға жалғасқан негізгі кәсібі болған, мемлекет билікті қолына ұстаған қоғамдық топ – әскери ақсүйектер болды. Ел үшін жанын қиған Батырлардың есімі ел ұранына айналып, халық олардың аруақтарына табынған. Ата-бабаларынан бері қарай Батыр атанып келе жатқан, ауыр жараланса да ұрыс даласын тастамағандар қара Батыр не қара берен Батыр, қауіп-қатерді елемей, ұрысқа жалғыз кіріп ерлік көрсеткен адам Жеке Батыр атанған. Келесі «Абылай ханның Жеке батырға сыйлық таратқаны туралы есеп» Отан қорғауда патриоттығымен көзге түскен батырға берілетін ерекше сыйға қатысты құрастырылған:

Ертеде Абылай хан майданда ерекше көзге түскен жаужүрек 9 сарбазды арнайы марапаттау рәсімінде алғыс сөзін айта келе, мынадай сыйлық беріпті дейді халық аңыз: «... Желіде қатар-қатарымен байлаулы жаудан түскен 101 арғымақтың әрбір оныншысы бірінші сарбазға сыйлыққа беріледі. Одан қалған арғымақтардың әрбір тоғызыншысы екінші сарбазға беріледі. Бұдан қалған арғымақтардың әрбір сегізіншісі үшінші сарбазға тиесілі. Сол сияқты төртінші, бесінші ... барлық сарбаздар өздеріне тиесілі қалдық топтағы әрбір төртінші, бесінші ... арғымақтарды сыйлыққа алады. Ал ең соңғы тоғызыншы сарбаз алғашқы сарбаздардан қалған арғымақтардың әрбір екіншісін алады. Сонымен, ең соңында желіде қанша арғымақ қалады – барлығы майданда ерекше ерлік көрсеткен Жеке Батырға беріледі. Ол қазір жолда келе жатыр, амандық болса ертең келеді... Шатаспас үшін ешкім арғымақтарды таңдамай, тек қана өзіне тиесіліні ғана алу керек, сонда ешкімде реніш болмайды...» деген екен. Жиналған ел «кімге қанша сыйлық, кімге көп, кімге аз берілді... Неге Жеке Батырға қалдық беріледі және ол аздау сияқты...» деп түсінбеушілік танытқанды, Абылай хан: «... Барлықтарың риза боласындар, ешкімде реніш болмайды» деген екен. Сонда сарбаздар қанша сыйлық алды?

Нағыз Абылайға тән болмыс. Олай дейтініміз, балалық шағында өмірдің ащы дәмін татып өскен Әбілмансұр, өмір сүрудің мақсатын жақсы жолға қойған, жолдастың қадірін жақсы түсінген, қара болып та, хан болып та көрген жан. Сол өмірдегі тәжірибесінің мықтылығынан әркімнің ойына келе бермейтін осындай шынайы, нақты есепті құрастырған. Бұл есепті құрастырудағы Абылайдың басты мақсаты – Отан қорғау ісінде сарбаздардың еліне, жеріне

деген патриоттығын сақтау. Бір қарағанда, кешігіп келген Жеке Батыр бұдан бұрын келіп, сыйлығын алған сарбаздардан қалғанын алды. Екінші жағынан, 101-ші арғымақ, бірінші сарбаз әрбір оныншы арғымақты алғанда, ал екінші сарбаз әрбір тоғызыншы арғымақты алғанда, үшінші сарбаз әрбір сегізінші арғымақты алғанда т.с.с. бөліске түспей әр сарбаздан қалып кете береді. Соңында кешігіп келе жатқан сарбазға не қалады? Абылай есебінің сыры осында. Желінің шетіне арнайы байлатқан 101-ші ерекше дүлділ тұлпар ерекше сыйлыққа лайық Жеке Батырға бұйырады. Ерекше тұлпарды өзіне сақтап отырғанын көрген Жеке Батыр да ханның тапқырлығына риза болудан басқа амалы жоқ. Мінеки, бұл есепті құрастыруға Отаны үшін ойланбай отқа түскен батырлардың патриоттығы себепші болған. Келесі есеп те осындай намысты, патриоттығымен көзге түскен батырға байланысты құрастырылған. Бұл да Абылай хан тұсындағы батыр, атақты қолбасшы. Қазақ жауынгерлері арасында зор беделге ие болған, сондықтан оны халық Қанжығалы Бөгенбай деп атап кеткен. Сол заманда, халық арасында «Қанжығалының қырық батыры» деген аңыз болған. Бөгенбай батыр өзіне жақын адамдардан топ құрып, оларды батырлыққа баулып, соғыс стратегиясын үйреткен. Осылай аты аңызға айналып, жасаған тірліктері жас ұрпақты жігерлендіретін осы Қанжығалы Бөгенбай батырдың жанына жиналған ержүрек жігіттер де ешкімнен кем түспейтін болған. Себебі олардың алға қойған мақсаты – Отан қорғау. Тарихи деректерде сүйенсек «Кейбіреулер руларды ғана емес жүздердің басын біріктіріп, жоңғарларға қарсы шығып, оларды қуып шығу керек десе, екінші біреулері жоңғар қандығы жағына шығу керек дегенді айтты. Бөгенбай кеудесін ашып жіберіп: «Жауымыздан есемізді қайтарамыз, тоналған жайлауымызды, тұтқындалған балаларымызды көріп карап отыра алмаймыз, өлсек қолымызға қару алып өлеміз. Қыпшақ даласының батырлары қай кезеңде бастарын төмен түсірген? Мен қолымды жауымның қанына бояған кезде сақалыма өлі ақ түспеген еді! Қазіргі келімсектердің зорлығына қалай шыдамын. Біз әлі жүйрік аттардан кенде емеспіз. Әлі қорамсақта өткір ұшты садағымыз бар», - деді. Бөгенбай батырдың бұл сөзі жоңғар мәселесін шешудің шегі болды. Бұл сөзден кейін ешқайсысы ашық шығып сөйлей алмады. Қазақ жасағының басшысы болып Бөгенбай сайланды.» (Б. Тоғысбаев, А. Сужикова, 2008:107) деген мәлімет бар. Бұл дерек Бөгенбай батырдың

халық үшін қасық қаны қалғанша күресуге бар патриот екенін көрсетеді. Халық жадында тек ерлік істерімен жаңғырған батырды әрине елі аңызға айналдырады. Сондай аңыздан туындаған есепке назар аударайық:

Бөгенбай және Барлас батырлар туралы есеп (1-ші нұсқа).

Ертеде жаугершілік заманда барлаушы-сарбаз Бөгенбай батыр әскерінен 50 шақырым жерде сағатына 5 шақырым жылдамдықпен асықпай келе жатқан жау әскерін мұқият барлап алады да, өз әскеріне жасырын шауып келіп, Бөгенбайға жау әскері туралы барлық ақпаратты жеткізіп, жау жаққа басқа атпен қайта шауып оралады да, тасалау жерге тұра қалып, қасынан өтіп бара жатқан жау әскерін тағы да мұқият барлап, әскер саны қанша, қарулары қандай, аттары тың ба, әскер жиыңқы әлде шұбыртпалы ма, тағы сол сияқты әскери сипаттарын аңғарып, тағы да тасалау жерлермен Бөгенбайға қайта оралады да, ақпаратты қолбасшыға жеткізе салысымен, ат ауыстырып қайтадан жауға жаққа қайта оралады... Сонымен бұл сарбаз жау әскері Бөгенбай әскеріне жеткенге дейін ары шауып, бері шауып ақпаратты қолбасшыға жеткізіп отырады.

Барлық мәліметті толықтай алған Бөгенбай әскері шайқасқа сақадай сай дайындалып, жау тақалғанда өзінен екі есе көп жау әскеріне қыр асты тұтқиылдан күтпеген шабуыл жасап, ерекше жеңіске жетеді. Егер сарбаз жылдамдығы сағатына 60 шақырым болса, онда ол бас аяғы қанша шақырым тоқтаусыз шауып өтті?» Осы есеп ел аузында Бөгенбай есебі, ал сарбаз – Барлас-барлаушы аталып кетіпті. Ерлігімен ел назарына түскен батырдың аңызға айналған ерліктері халық арасында ауызша жиі айтылуы заңды. Аңызға айналған батырдың қасындағы жолдастары да ел назарына түсіп, оларға Бөгенбай батырдың жасаған ықпалы аңыздың желісіне айналады. Осы аңыздан байқап отырғанымыздай, жанкештілікпен, Отанның тыныштыған ойлап, барлау жасаған Барлас батырдың тірлігінен есеп өзі мен мұндалап тұр. Яғни, есеп Отанын қорғаған батырлардың ерлігін дәріптеу негізінде

құрастырылып отыр. Бөгенбай батырдың тапсырмасымен қайта-қайта жауды бақылап, барлап келіп отырған Барлас-барлаушының тірлігінен құрастырылған бұл есептің мақсаты – Отанын сүйетін, жанкешті, патриот тұлғаларды елге үлгі ету. Барлас – барлаушының ары-бері тынымсыз шабуына кеткен уақыт жау әскерінің Бөгенбай әсеріне жеткенге дейін кететін уақытқа тең болады. Яғни, Барлас бас аяғы 600 шақырым шауып өтеді екен. Міне, бұл – ерлік. Міне, бұл – ерлік тақырыбында сөз болған аңыздың негізінде ауызша құрастырылған есеп.

Қорытынды

Ұлы Дала есептерінің ішінде ерекше көзге түсетіні Отан қорғау және патриотизм тақырыбына құрастырылған есептер. Оның себебі ел аузында жүрген Батырлар қашанда өз биігіне лайық қызмет еткендіктен, жеткіншек ұрпақсоған қарап бой түзеген. Байқағанымыздай, Ұлы Даланың батырлары шынында сегіз қырлы, бір сырлы. Ауыз әдебиетінде батырларға арнайы жыр, ертегі айтылып, олардың жасаған тірліктеріне, жеткен жетістіктеріне арнап мақал-мәтелдер мен есептер құрастырылуы заңды. Осы Ұлы Даланың көне есептерінің құрастырылуын тиянақты зерттеп, талдау арқылы халқымыздың қасиетті рухани құндылығын одан сайын тереңдетіп қана қоймай, бүкіл әлемдік фольклортану ғылымына халық есептерін жаңа бағыт ретінде енгізу мүмкіндігі бар екендігін баса айтқымыз келеді.

Бұл мақала Қазақстан Республикасы Оқу және Білім министрлігі Білім комитетінің «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері» атты ғылымды дамытудың басым бағытының Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде №BR05236075 «Ұлы Даланың байырғы көне есептерін қазақ халқының қасиетті рухани мұрасы және фольклорлық құндылығы ретінде зерттеу, талдау және жаңа жүйеге келтіру» атты ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша жазылд

Әдебиеттер

- Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Құрастырушылар: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: Алматыкітап, 2008. – 102 б.
- Хазреті Мұхаммед алейһиссаламның өмірі. – Алматы: Қазақстан, 2012. – 548 б.
- Айбын. Энциклопедия / Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 880 б.
- Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Құрастырушылар: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: Алматыкітап, 2009.
- Тараз. Жамбыл облысы: Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2003. – 576 б.

- Әбжанов М. Қазақ халқының жұмбақтары. – Алматы, 1966.
Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: 1984.
Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 2004.
Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т. ХҮІІІ. – Алматы, 1985.
Қасқабасов С. Қазақ фолклорының тарихылығы. – Алматы, 1994.
Қазақ әдебиетінің тарихы, I том. – Алматы, 1994.
Потанин Г.Н. Казахский фольклор в собрании. – Алматы, 1972.
Диваев Ә. Қазақ халқының творчествосы. – Алматы, 1989.
Байтұрсынұлы А. Шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003.

References

- Abzhanov M. (1966) The mysteries of the Kazakh people. Almaty, 1966.
Auezov M. (1985) Twenty-volume collection of works. T. CHAPTER XVII. Almaty, 1985.
Baitursynov A. (2003) Collections of works. Almaty: Alash, 2003.
Divayev A. (1989) The creativity of the Kazakh people. Almaty, 1989.
Historical Figures. (2008) Cognitive Publication. Compilers: Togyzbayev B., Suzhikova A. Almaty: Almaty book, 2008. 102 p.
Historical Figures. (2009) Cognitive public edition. Compilers: Togyzbayev B., Suzhikova A. Almaty: Almaty book, 2009.
Kabdolov Z. (2004) Art of speech. Almaty, 2004.
The life of Hadrat Muhammad ‘alaihis-salâm’. (2012) Almaty: Kazakhstan, 2012. 548 p.
Kaskabasov S. (1984) Kazakh folk prose. Almaty: 1984.
Kaskabasov S. (1994) History of Kazakh folklore. Almaty, 1994.
Potanin G.N. (1972) Kazakh folklore in собрании. Almaty, 1972.
Taraz. Zhambyl Oblast: Encyclopedia. (2003) Almaty: The Kazakh Encyclopedia, 2003. 576 p.
The history of Kazakh literature. (1994) Vol. 1. Almaty, 1994.
Them. Encyclopedia (2011) Senior ed. BG Jacob. Almaty: The Kazakh Encyclopedia, 2011. 880 p.